



Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№49 (905) Сәрсенбі 4 желтоқсан 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



ОБЛЫСТАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР САНЫ ТӨМЕНДЕГЕН

Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті ел экономикасының дамуына кедергі келтіретін қылмыстарды анықтап, олардың алдын алады. Департаменттің мәліметінше, биыл өңірдегі құқық бұзушылықтар саны азайған. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында аталған департамент басшысы Аслан Кеңес мәлімдеді.

– Қазір біз саннан гөрі сапаға көңіл бөлу ұстанымымен жұмыс жасаймыз. Яғни, залал мөлшері көлемді және бұған дейін жеделдіздірету шаралары толық жүргізілген қылмыстық істерді анықтауға басымдық беріледі. Аса ірі емес құқықбұзушылықтар бойынша материалдар қаржы органдарына тексеруге ұсынылады, яғни салықтық әкімшілендіру шеңберінде қарастырылады. Қызылорда мұнайлы өңір болғандықтан, біз жүргізетін істерде мұнай өнімдерінің заңсыз айналымына қатысты қылмыстар да бар. Екі жыл көлемінде департаментпен осы бағыт бойынша 3 іс тіркелді. Бүгінде істер өңірдегі аяқталып, сотқа жолданды. Экономикалық қылмыстарды халықтың әлеуметтік жағдайынан бөліп қарауға болмайды. Экономикалық өсу мен дамуға тосқауыл болатын әрбір қылмыстық әрекеттің қоғамға және адамдарға залалы орасан. Сондай қылмыстардың бірі – заңсыз ойын бизнесімен байланысты. Заңсыз ойын ұйымдастыру бойынша жыл басынан бері 6 қылмыстық іс тергеліп, сотқа жолданды. «Онлайн казино» ұйымдастырушылар сот шешімімен тиісті жазаларын алды, – деді Аслан Кеңес.

Қоғамның алаңдаушылығын тудырып отырған тағы бір мәселе – қаржы пирамидасы

мен интернет алаяқтықтың қарқын алуы. Өңірдегі бұл мәселелер де департаменттің қатаң бақылауында.

– Әлеуметтік желі арқылы оңай олжа ұсынатын жарнамалық сайттар мен сілтемелерді анықтау мақсатында тұрақты түрде арнайы ақпараттық жүйемен мониторинг жасалады. Бүгінгі күні департамент мамандарымен заңсыз ойын белгілерімен 250, қаржы пирамидасына қатысты 350 сайт пен сілтемелердің белсенді жұмысы тоқтатылды. Сонымен қатар, Қызылорданың географиялық, экологиялық ерекшеліктерін, экономикалық дамуындағы осы немесе төмендеу қарқынын ескере отырып, «Аумақтың криминогендік картасы» жасалды. Соның негізінде жүйелі проблемалардың 6 бағытын нысанаға алдық. Олар аймағымыздағы экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған мақсатты қаражаттың жымқырылуы, облыстық ауылдық елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз етуге бөлінген қаражатты заңсыз иемденіп және мақсатсыз пайдалануын тексеру және қала және қалааралық автомобиль жолдарын, оның ішінде «Қызылорда-Жезқазған» тас жолының жөндеу мен салуға бөлінген қаражаттың иемденіп алмауын қадағалау. Оған қоса мұнай және мұнай өнімдерінің заңсыз айналымы мен басым бағыттар бойынша қылмыстарды алдын алу профилактикалық іс-шараларын қабылдап, облыста суармалық қылмыстарды анықтап, тергеуге және түпкілікті процессуалдық шешім қабылдауға баса назар аударатын боламыз, – деді тергеу басқармасының басшысы Жандос Кенжебаев.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАҢДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, ер бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.

ЖӘРДЕМАҚЫ МӨЛШЕРІ 6,5%-ҒА ИНДЕКСТЕЛЕДІ

«Мемлекеттің барлық әлеуметтік міндеттемелері толық көлемде орындалып жатыр және одан әрі қарай да орындала береді. Бұл – Үкімет жұмысының басым бағыттарының бірі», – деп атап өтті Премьер-министрдің орынбасары, ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров брифингте.

Атап айтқанда, биыл қаңтардан бастап барлық зейнетақы мен жәрдемақылар жыл сайын инфляция деңгейін ескере отырып индекстеледі. 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап ынтымақты зейнетақы 8,5%-ға, әлеуметтік жәрдемақылар мен базалық зейнетақы 6,5%-ға индекстеледі.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша базалық зейнетақының мөлшерін кезең-кезеңімен арттыру жалғасып жатыр. 2025 жылға арналған республикалық бюджетте 42 түрлі әлеуметтік төлемдер бойынша 6 трлн теңгеден астам қаражат қарастырылған, бұл 2024

жылмен салыстырғанда 12,5%-ға көп. Республикалық бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан 2 млн-ға жуық қазақстандық отбасы жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер алады.

«2025 жылдың басынан бастап балалы отбасыларға төленетін барлық мемлекеттік жәрдемақы мөлшері 6,5%-ға индекстеледі. Балалы отбасыларға арналған жәрдемақыларды төлеуге 2025 жылға арналған республикалық бюджетте 875,1 млрд теңге қарастырылған. Аз қамтылған азаматтарды әлеуметтік қолдау атаулы әлеуметтік көмек көрсету арқылы жалғасады.



2023 жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша 76 мың отбасы немесе 403 мың адам АӘК алды. АӘК көрсетудің жаңа тәсілдерін азаматтардың шығыстарын ескере отырып қайта қарау шеңберінде бұл көмек Цифрлық отбасы картасы және мемлекеттік әрі мемлекеттік емес ұйымдардың жүйелерімен интеграциялау арқылы трансформацияланды»,

– деп атап өтті Нұрлан Байбазаров. Бұдан бөлек, 2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Қазақстанда стипендия көлемі: бакалавриат бойынша 20%-ға, магистранттар мен докторанттарға 15%-ға өсті. Ғылыми ұйымдар қызметкерлерінің жалақысы 18%-ға артты, 2025 жылдан бастап 17%-ға көбейеді.

БІЛІМ ГРАНТТАРЫНЫҢ САНЫ АРТАДЫ

Ғылым және жоғары білім министрлігі үш жылдық бюджетте мемлекеттік білім беру гранттарының санын көбейту мүмкіндігіне қатысты түсінік берді.

– Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес, сұранысы бар даярлау бағыттары, оның ішінде техникалық бағыттар бойынша жоғары білім алу үшін мемлекеттік білім беру гранттары санын ұлғайту (2029 жылға қарай кемінде 75 мың) ескерілген, – делінген Ғылым министрлігінің Kazinform агенттігіне берген жауабында.

Ведомство ақпаратына қарағанда, 2024-2025 оқу жылында білім беру гранттарының саны алдыңғы жылмен салыстырғанда 5000 білім беру грантына көбейген.

– Бұл ретте, білім беру гранттарының санын көбейту бойынша тиісті жұмыстарды министрлік үздіксіз жалғастырады, – деп аталып өткен министрлік мәліметінде.

Айта кетейік, грант тағайындау конкурсына 104 мыңнан астам талапкер құжат тапсырды. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда 10 мыңға артық. Жалпы, конкурс нәтижесінде 79 мыңға жуық білім гранты үлестірілді. Мемлекеттік гранттар республикалық комиссия отырысының қорытындысы бойынша тағайындалды. Бір грант орнына ең үлкен конкурс «Стоматология» мамандығында болды.

БОЛАШАҚТЫҢ КІЛТІ – БАҚЫТТЫ ОТБАСЫНДА

Қала әкімдігінің баспасөз орталығында отбасын қолдау орталығының директоры Гүлнар Сексенбаева, қалалық полиция басқармасы жергілікті полиция қызметі бөлімі әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының аға инспекторлары Еркебала Артықбаева және Айгерім Ерболатқызының қатысуымен баспасөз конференциясы өтті.

Өздеріңізге белгілі, елімізде «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» халықаралық акциясы басталған болатын. Науқан жыл сайын 25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында өткізіліп келеді. Акцияның мақсаты – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру.

Осы бағытта қала әкімдігі жанынан ақпараттық-насихаттық топ қалаға қарасты кент және ауылдық округтерінде болып, тұрғындар арасында профилактикалық үгіт-насихат

жұмыстарын жүргізуде.

Сандық мәліметтерге жүгінетін болсақ, жыл басынан бері Қызылорда қалалық полиция басқармасына «102» арнасы арқылы «Отбасы жанжалы болуда» деген 2500-ге жуық хабарлама келіп түскен. Хабарламалар бойынша заң аясында тиісті шаралар қабылданды.

Айта кету керек, бұған дейін ұрып-соғу мен денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтірген дерегі бойынша ҚР ӘҚБтК-нің 73-2-бабы, 73-1-бабы бойынша әкімшілік хаттама рәсімделсе, жаңа өзгерісте 2024 жылдың маусым айының 16-нан бастап ұрып-соғу және денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру криминализацияланды.

Жоғарыда көрсетілген өзгерістер мен толықтыруларға байланысты әйелдерге қарсы жасалған 71 қылмыс дерегі орын алып, көрсеткіштің көлемі артқан.



3 ЖЕЛТОҚСАН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МҮГЕДЕКТЕР КҮНІ

Халықаралық мүгедектер күні - ең алдымен ерекше жандардың түйткілді мәселелеріне қоғам назарын аударуға, оларды әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени өмірге қатыстыруға, мүгедектігі бар адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған.

Соңғы жылдары мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға, оларды медициналық-әлеуметтік қорғауға айтарлықтай көңіл бөлінуде. Аймақта 33764 мүгедектігі бар адамдар тіркелген, оның 6663-і 18 жасқа дейінгі балалар. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Айгүл Ибраева мәлімдеді.

– Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы 31142 адам оналудың жеке бағдарламасына сәйкес техникалық оналту құралдарымен қамтамасыз етілді. Биыл алғаш рет облыс бойынша барлық санаттағы мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балалардың әрқайсысына 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір реттік әлеуметтік көмек көрсетілді. Сонымен қатар, бытыр арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығы базасында іске қосылған «Үй жағдайында мүгедектігі бар балаларды оналту» жобасы

жүзеге асырылуда, – деді Айгүл Болатқызы.

«Қызылорда облыстық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі 2024 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс негізінде мүгедектігі бар адамдар мен балаларды әлеуметтік қолдауға арналған әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар жүзеге асырды.

– Облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға сәйкес мүгедектігі бар адамдар мен балалардың қатысуымен спорт жарыстары, байқаулар, кино, мюзей, театр әлеміне, тарихи орындарға саяхат жасау шаралары ұйымдастырылуда.

Оның бірі, А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде 3 желтоқсан - халықаралық мүгедектер күніне орай өткен шараға облыстың барлық аудандары, Қызылорда, Байқоңыр қалаларынан өкілдер келіп, 2024 жыл көлемінде жетістікке жеткен ерекше адамдар туралы номинациялармен марапатталып, оларға естелік сыйлықтар табысталды, – деді қоғамдық бірлестіктің төрағасы Сағатбек Синоев.

«Ел тілегі» ақпарат

КОМЕДИЯЛЫҚ ОПЕРЕТТА САХНАЛАНДЫ

Қызылордада аймақ басшысының қолдауымен Әзірбайжан классигі Узеір Гаджыбековтың «Аршын мал аман» комедиялық опереттасы сахналанды.

Көрерменге бұрыннан таныс болса да, Сыр топырағында алғаш рет сахналанған миозиклде сол замандағы қоғамдағы тенсіздік, бай-кедей арасындағы таптық айырмашылық пен махаббат ирмдері сынды өзекті мәселелер комедиялық жанрда көрініс тапқан.

Бауырлас елдің танымал шығармасында ең ұлы махаббат сезімінің материалдық құндылықтан биік екендігі насихатталып, тамашалауға

келген жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленді. Бүкіләлемдік өркениет тарихында түркі әлемінің рухани мұрасына айналған музыкалық қойылымға Қарағанды академиялық музыкалық комедия театрының режиссері Евгения Пермякова режиссерлік етті.

– Маған музыкалық опереттаға қоюшы режиссер болуға ұсыныс түскен сәтте қуанақуана келісімді бердім. Әрине, дайындық сәтінің өз қиыншылықтары болды. Өте қысқа

уақытта осындай керемет туынды жасап шығу оңайға соқпады. Оперетта - вокал, би және актерлік шеберлік секілді үш өнердің біте қайнасуы. Осындай үлкен өнерді, сіздер үшін жаңа жанрды ойдағыдай алып шыққан жергілікті әртістерді бүгінгі премьералармен құттықтаймын, – деді Евгения Михайловна.

Ал опереттаның кейіпкерлерінің бірі Жиханның ролін сомдаған «Мәдениет қайраткері» төсбелгісінің иегері Үміт Мәуеова шығармашылық топтың еңбегіне тоқталып өтті.

– Махаббатқа толы, жылы, өте керемет туынды Сыр тұрғын-

дары үшін жаңалық болып отыр. Әрине, біз үшін де. Барлық шығармашылық топ үлкен еңбек етті. Жақсы қойылым, жарқын эмоциялар сыйлау үшін жұмыс жасалды. Нәтижесін, бағасын халық өзі бере жатар. Көңілдеріңізден шығады деген сенімдемін, – деді Үміт Еменқызы.

Оперетта облыстық симфония оркестрінің сүйемелдеуімен өтті. Кеш соңында өнер өкілдерінің құрметіне орай аймақ басшысының ықылас гүлі табысталды.

«Ел тілегі» ақпарат



ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналиновтің төрағалығымен өткен мәжілісте жылыту маусымы кезіндегі өрт қауіпсіздігі мәселесі қаралды.

Жиын барысында облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының міндетін атқарушы Нұрсұлтан Ибрагимов өңірде өрт қауіпсіздігінің алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жайында баяндады. Оның айтуынша, тұрғын үйлердегі өрт қауіпсіздігін арттыру, тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын күшейту және арнайы рейдтер жүргізу арқылы төтенше жағдайлардың алдын алу шаралары жоспарлы түрде жүзеге асырылуда.

Мәжіліс қорытындысы бойынша Данияр Еренғалиұлы қала және аудан әкімдеріне облыстық

энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасымен бірлесіп, тұрмыстық газ баллондары мен газбен жабдықтау жүйесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шұғыл шаралар қабылдауды тапсырды. Сонымен қатар, мектеп жасындағы балалар арасында өрт қауіпсіздігіне байланысты білім беру жұмыстарын күшейтуді, өрт кезінде дұрыс әрекет ету дағдыларын қалыптастыру және отпен абайсыздықтың салдарын түсіндіру бойынша арнайы оқу-жаттығу ұйымдастыруды міндеттеді.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ АУМАҒЫНДАҒЫ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІКТІҢ МӘН ЖАЙЫ

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментііс-қызметінің негізгі бағыты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, авариялар, оқиғалар кезінде туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің алдын алу болып табылады.

Облыста ірі индустриалдық әлеуеттің болып отырғандығы, қауіпті өндірістік объектілердің елеулі дәрежеде шоғырлануы, олардың Қызылорда облысы аумағында орналасуы, өнеркәсіптік кәсіпорындарда авариялар мен жаракаттану жағдайларының туындауы к т и м а л д ы ғы н ың жоғары деңгейі бақылауда болатын кәсіпорындардағы авариялар мен өндірістік жаракаттанудан сақтандырудың аясында бұл мәселеге айрықша көңіл бөліп қарауды талап етеді.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласы бойынша талаптар «Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парактары бекіту туралы» ҚР ИДМ 15.12.2015 ж. № 1206 және ҚР ҰЭМ 28.12.2015 жылғы № 814 бірлескен бұйрығымен бекітілген тексеру парактарына сәйкес жүргізіледі. Ағымдағы жылы аталған тексеру парактарына №32 қосымшаға сәйкес бұзылуы жедел ден қою шараларын қолдануға алып келетін талаптардың, сондай-ақ талаптарды нақты бұзушылықтарға қатысты жедел ден қою шарасының нақты түрін осы шараның қолданылу мерзімін көрсете отырып айқындау (қажет болған кезде) тізбесі бекітіліп, қолданысқа енгізілді.

2024 жылдың 10 айында

қадағалауды жүргізу тізіміне сәйкес және жоспардан тыс 33 субъектіге өнеркәсіптік қауіпсіздік саласы бойынша тексерулер жүргізілді. Тексерулер барысында 1214 объектілер зерделеніп, 519 бұзушылықтар анықталды. Өзге тексерулер бойынша 159 рет қатысу жұмыстары жүргізілді.

Департамент тарапынан бекітілген жоспарға сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласы бойынша әртүрлі тақырыпта қауіпті өндірістік объектілер иелерінің қатысуымен 16 техникалық кеңес өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бұқаралық ақпарат құралдарына 17 рет өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша материалдар жарық көрді.

Департамент техникалық қайта жарактандыру жоспарына сәйкес жұмыстарды үнемі жүргізіп келеді. 2024 жылдың 10 айына қауіпті өндірістік объектілерді техникалық қайта жарактандыру жөніндегі жиньтық жоспарына сәйкес тозған жабдықтарды ауыстыруға 46 жабдықтар және технологиялық желілер жоспарланып, ағымдағы жылдың аяғына дейін барлығы толығымен ауыстырылуы тиіс. Қауіпті өндірістік объектілер иелерін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласы бойынша талаптарды қатаң сақтауға шақырамыз.

Ж. БАЛҒАБАЕВ,
ҚР ТЖМ Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы

ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасымен облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, облыс әкімі аппаратының басшысы Әділхан Мұхамедияров және жауапты сала басшылары Шиелі, Жаңақорған аудандарындағы құрылыс нысандарына барды.

Алдымен Шиелі ауданы «Алмалы» ауылындағы дәрігерлік амбулаторияның және Шиелі кентіндегі «Руханият орталығының» құрылыс алаңдарындағы жұмыстармен танысты. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясындағы дәрігерлік амбулатория құрылысы маусым айында басталған. Жақын арада ел игілігіне табысталады деп күтілуде. Сонымен қатар, аудан орталығының «Ақ орда» мөлтек ауданындағы ипотекалық тұрғын үйлердің құрылыс барысы да тексерілді. Бұл жердегі 122 пәтерлік тұрғын үйлер әлеуметтік осал топтағы отбасылар үшін сатып алынған.

Әрі қарай облыстық мәслихат төрағасы бастаған жұмысы



топ Жаңақорған ауданындағы «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектебінің» құрылыс жұмыстарын көрді. Мұнда жер жұмыстары, іргетас қалау, монолитті колонна, ригель құю, кірпіш қалау, екі қабаттың да ішкі қабырғасын сылау, әрлеу, терезелерін орналастыру 100 пайыз аяқталған. Ендігі кезекте сырты қапталып, абағандырылу. Жаңақорған кентіндегі «Руханият орталығы» мен «Бесарық» ауылындағы №54 мектеп жанындағы 375 орындық қосымша оқу ғимаратының құрылыс алаңдарында да қызу жұмыс атқарылууда. Бастауыш

сыныптарға арналған қосымша оқу ғимараты сәуір айында салына бастаған болатын, жыл соңына дейін қабаттары аяқталмақ.

Келесі бағыт – «Төменарық» ауылындағы дәрігерлік амбулаториясымен қоса, 15 төсек-орынға арналған ауылдық аурухана. Құрылысы облыстық бюджет есебінен қолға алынған медициналық мекеме де осы жылы пайдалануға беріледі деп күтілуде. Биылғы «Руханият жылында» Қызылорда облысының өнер және мәдениет саласында жаңа жобаларды жүзеге асыру жоспарланғаны

белгілі. Барлық ауданда 11 млрд. 500 млн. теңгеге тәулік бойы жұмыс істейтін кітапханалары бар «Руханият орталықтары» салынууда. Орталықтар жыл соңында іске қосылады. Қазір ішкі және сыртқы сылақ, әрлеу жұмыстары, шатырын жабу қолға алынған.

Айта кету керек, облыс әкімі құрылыстың сапасына басам беріп, жұмысты уақытылы аяқтауды үнемі тапсырып келеді. Сондай-ақ, егер кемшілік орын ала, мердігер мекемелер есебінен қалпына келтірілетінін ескертті. Жұмыс сапары барысында санитарлық тазалық, абағандыру жұмыстары да назардан тыс қалмады. Еске салайық, бүгінде өңірдің барлық елді мекенінде санитарлық тазарту, абағандыру және көркейту-қоғалдандыру жұмыстары тұрақты жүргізілуде. «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасын өткізудің облыстық іс-шаралар жоспары бекітілген. Оған сәйкес «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ», «Мәлдір бұлақ» тақырыптарында апталық шаралар ұйымдастырылуда.

«Ел тілегі» ақпарат



ТҰМАУДАН САҚТАН

Тұмау – жоғары тыныс алу жолдары зақымдалу және ұыттану белгілерімен сипатталатын жұқпалы инфекциялық ауру. Ауру адамнан сау адамға төменгі, түшкірген кезде ауа тамшысы арқылы беріледі. Тұмау белгілері: дене қызуының көтерілуі, қалтырау, бас пен бұлшық ет, тамақтың ауыруы, жөтелу және әлсіздік.

Тұмау тез өрбиді және бірнеше күннен 2 аптаға дейін созылуы мүмкін. Сырқат өкпе қабынуы және бронхит сияқты асқынларға әкеледі. Сондай-ақ, бұрыннан бар жүрек пен өкпе ауруларын қайта қоздырады.

Алдын алу шаралары: наукас адаммен байланыста болмауға тырысу, наукас адаммен байланыста болғанда бетперде тағу, инфекция таралмауы үшін қолды сабынмен немесе бактерияға қарсы құралдармен жуу, жөтелгенде және түшкіргенде мұрын мен ауызды бір реттік орнамалмен жабу, көп адам жиналған жерде болмауға тырысу, бөлменің ауасын жиі тазарту.

Тұмауға қарсы екпе салдыру. Тұмау мерзімі басталғанға дейінгі ең тиімді әдіс – вакцина салдыру. Ол тұмауды жұқтыруды төмендетіп, оның адамдар арасында таралмауына көмектеседі. Вакцинация қауіпсіз. Екпе салдырғаннан кейін

кейбір адамдарда екпе орнында қызару және ауырсыну, бастың және бұлшық еттің ауыруы, дене қызуының көтерілуі, әлсіздік және жүрек айнуы сияқты жанама әсерлері болуы мүмкін. Дегенмен, олар тез жойылады. Жүкті әйелдің иммунитеті әлсірейтінін ескере отырып, тұмауға қарсы егілу тиімді. Қазіргі тұмау вакцинасы бала үшін қауіпсіз. Алайда, жүктілік мерзімі 14 аптаға жетпесе, екпе салдыруға болмайды.

Тұмауға шалдыққанда ауруды таратпау және емделу шаралары: - үйде отбасының басқа мүшелерінен оқшаулану; - аурудың алғашқы белгілері байқалғанда-ақ дәрігер шақыру; - бір реттік орнамал пайдалану; - дәрумендерге бай сұйықтықтар ішу; - дәрігердің нұсқауына сай ем қабылдау.

Вирус ауа-тамшы жолы арқылы таралатындықтан, күнделікті гигиена сақтау, үй ішін уақытылы желдетіп, ауаны тазарту, сондай-ақ, салауатты өмір салтын ұстанып, пайдалы, құнарлы тамақтану қажет. Мұрын мен ауыз қуысын ұдайы тұзды ерітіндімен шайып, су не катқосылмаған шыршындар мен шайды көбірек ішкен пайдалы.

Ө. Г. СОВЕТҚЫЗЫ,
Қазалы аудандық емханасының меігері.

НӘРЕСТЕЛЕРДЕГІ САРҒАЮ СИНДРОМЫ

Барлық ана жаңа туған нәрестенің сарғаюы туралы естіген болар. Ол қандағы билирубин деңгейінің жоғарылауынан туындайды. Статистикаға сәйкес, билирубин жаңа туған нәрестелердің 50 пайызында шамадан тыс артуы мүмкін (шала туған нәрестелерде сәйкесінше бұл көрсеткіш тіпті жоғары болмақ. 80 пайызға дейін сарғаюдан зардап шегеді).

Билирубин деңгейіміз не?
Бұл қызыл қан жасушаларының (оттегін тасымалдауға жауапты қан жасушалары) ыдырауы нәтижесінде пайда болатын өт пигменті. Жаңа туған нәрестеде қызыл қан жасушалары ыдырай бастайды. Алайда бауыр әлі толықтай жетілмеген, тиісінше ыдыраған өнімдерді өңдеу үшін ферменттер жеткіліксіз көлемде болады. Сондықтан жаңа туған нәрестелерде билирубин деңгейінің жоғарылауы жиі байқалады. Бұл физиологиялық тұрғыдан болуы мүмкін, тиісінше билирубин деңгейі айтарлықтай артаған болса, сарғаю өздігінен кетеді. Бірақ кейбір жағдайларда патологиялық сарғаю кездесіп жатады. Сәйкесінше бұл міндетті түрде емделуді қажет етеді.

Билирубинді тексеру үшін не істеу керек?

Қандағы билирубин деңгейін анықтаудың

ен бір тура әрі нақты әдісі – биохимиялық қан сараптама. Егер дәрігер балада патологиялық сарғаюдың дамуына күдіктенсе, міндетті түрде бұл тексерісті тағайындайды. Сондай-ақ, тері арқылы қандағы билирубиннің мөлшерін анықтайтын арнайы аппарат та бар. Бұл сынақ ең жылдам, бірақ дәлдік мөлшері нақты емес болғандықтан, көмекші сынама түрі ретінде қолданылады. Қалыпты физиологиялық сарғаюды патологиялық жағдайдан ажыратып алу үшін, дәрігер қандағы жалпы билирубин деңгейінің көрсеткішімен қоса, басқа факторларды да ескеруі керек. Сондықтан жаңа туған нәрестеге дәрігер тарапынан қосымша сынақтар тағайындалуы мүмкін. Мысалы, гемоглобин мен қызыл қан жасушаларының деңгейінің тексеріледі. Физиологиялық сарғаю кезінде бұл мөлшер қалыпты болып қалады. Қандағы тікелей және жанама билирубиннің деңгейі де ескеріледі. Физиологиялық сарғаюда тікелей билирубин 20 пайыздан аз болады.

Жаңа туылған нәрестелерде билирубин деңгейінің жоғарылауы

Жоғарыда атап өткеніміздей, жаңа туған нәрестенің жағдайы қалыпты деңгейде болса, және басқа да денсаулығына қатысты алаңдататын белгілер болмаса, билирубин деңгейінің 256 мкмоль / л дейін жоғарылауы

қауіпті емес. Егер бұл мөлшерден асып кететін болса, патологиялық сарғаюдың дамуына нұсқайды және қауіпті.

Нақты қандай қауіп бар?
Қандағы билирубин деңгейінің тым жоғары көтерілуі («патологиялық» сарғаюмен) мидың зақымдануына әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, баланың шала туылу, ми гипоксиясы, анемия, жатыршілік инфекция, кейбір антибиотиктерді қабылдау және т.б. сияқты жағдайлар билирубин энцефалопатиясының даму қауіпін өз кезегінде арттыра түседі.

Қалай қалыпқа келтіруге болады?

Физиологиялық сарғаю кезінде билирубин қатты жоғарыламайды, бала өзін қалыпты сезінеді, оны түсіру үшін қандай да бір шара қолданудың қажеті жоқ. Билирубин ақырындап өзі түседі, бұл шамамен баланың бір айлық кезінің аяқталуына қарай болады. Билирубинді төмендетудің заманауи әдісі – бұл фототерапия. Оның ұзақтығы мен қарқындылығы баланың туу кезіндегі дене салмағына, сондай-ақ билирубин көрсеткіштерінен қаншалықты жоғары болуына байланысты.

А. ТУРҒАНБАЕВА,
Облыстық перинаталдық орталығының меігері

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «СП Казгермунай» сообщает, что 22.01.2025г. в 11:00 ч. по адресу Кызылординская область, Сырдарьинский район, Теренозекский с.о., с.Теренозек, ул. Коцаева, 8,проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту: «Строительство коллектора с узлом редуцирования для приема сырого газа от сторонних Недропользователей» и «Обустройство устья 5-ти скважин на м/р КГМ со строительством трубопроводов (скв.2025г.)» на получение экологического разрешения на воздействие.

Подключение в режиме онлайн на платформе ZOOM возможно по ссылке: <https://kmg-kz.zoom.us/j/7555913367?pwd=UGJLEJ3bVdZnZk5Nm2YmZnZn2Fmdz09>

Идентификатор конференции: 755 591 3367 Код доступа: 593597 Инициатор – ТОО «СП Казгермунай», Кызылординская область, город Кызылорда, поселок Тасбогет, улица Амангельды 100, БИИ 940240000021.

Разработчик проекта – АФ ТОО «КМГ Инжиниринг», 060097, г.Атырау, мкрНурсая, пр. Елорда, 10., БИИ 180541015056 Документация по заявленному пакету размещена на сайте ЕЭП <https://ecportal.kz>.

Все замечания или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также по электронной почте ar.zholdasbekova@korda.gov.kz.

Дополнительную информацию по проектам можно получить по адресу: s.kassymgalieva@kmg.kz, тел.: 87122 305444.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Казгермунай» БК» ЖШС 22.01.2025 жылғысағат 11:00-де Кызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренозек кенті, Теренозек а., Коцаев к-сі, 8 мекен-жайында «Бөгде жер қойнауын пайдаланушылардан шикі газды қабылдау үшін редуцирлау торабы бар коллектор салу» және «КГМ кен орындарында құбырларды салумен 5 ұңғыманың сағасын салу» бойынша қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу сілтемесі: <https://kmg-kz.zoom.us/j/7555913367?pwd=UGJLEJ3bVdZnZk5Nm2YmZnZn2Fmdz09>

Конференцияның Идентификаторы: 755 591 3367, Қолжетімділік коды: 593597

Тапсырыс беруші - ТОО «СП Казгермунай», Кызылорда қаласы, Тасбогет а., Амангелді көшесі 100, БИИ 940240000021.

Жобаны әзірлеуші – «КМГ Инжиниринг» ЖШС Атырау филиалы, 060097, Атырау к., Нурсая ықшама ауданы, Елорда даңғылы, 10., БСН 180541015056

Құжаттамалар <https://ecportal.kz> сайтында орналастырылған. Барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ar.zholdasbekova@korda.gov.kz электрондық адресі бойынша қоғамдық тыңдауды өткізетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мерзімде қабылданады.

Құжаттар бойынша қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: s.kassymgalieva@kmg.kz, тел.: 87122 305444.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына байқау кенесі мүшесінің лауазымын атқаруға Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы конкурс жариялайды.

Конкурс өткізілетін күн: конкурсты өткізу туралы хабарландыруды жариялағаннан бастап 30(отыз) күнтізбелік күннің аяқталуына дейін.

Конкурс өткізілетін орны: Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, мекенжайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27, 2-этаж, 207 бөлме.

Кәсіпорын атауы, орналасқан жері, пошталық мекенжайы және байланыс телефоны: «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, индекс 120008, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі 12, байланыс телефоны: 8 (7242) 214829, e-mail: orc_korda@med.mail.kz.

Негізгі қызметі: облыс халқына стационарлық, стационарлық алмастыратын және консультациялық-диагностикалық медициналық көмек көрсету.

Бақылау кенесінің мүшесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар жоғары білімінің болуы, сондай-ақ төмендегі мынадай талаптарының бірінші:

1) Денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің;

2) Денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің;

3) Денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі болуын қамтиды.

Конкурсқа қатысу туралы өтініштерді беру мерзімі: Конкурсты өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Управление здравоохранения Кызылординской области объявляет конкурс на занятие должности члена наблюдательного совета коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Областной перинатальный центр» управления здравоохранения Кызылординской области»

Дата проведения конкурса: по истечению 30 (тридцати) календарных дней со дня объявления проведения конкурса.

Место проведения конкурса: Управление здравоохранения Кызылординской области, адрес: город Кызылорда, проспект Абая, 27, кабинет №207.

Наименование предприятия с указанием местонахождения, почтового адреса, телефона: КТП на ПХВ «Областной перинатальный центр» Управления здравоохранения Кызылординской области», индекс 120008, Кызылординская область, город Кызылорда, улица Султана Бейбарыса №12, контактные телефоны: 8 (7242) 21 48 29, e-mail: orc_korda@mail.ru

Основная деятельность: оказание стационарной, стационарно-амбулаторной и консультативно-диагностической медицинской помощи населению Кызылординской области.

Требования к лицам, избираемым в наблюдательный совет, включает наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

1. Наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права не менее 5 лет;

2. Наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права на руководящей должности не менее 3 лет;

3. Членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и (или) экономики и (или) бизнеса и (или) права.

Срок представления заявлений об участии в конкурсе: В течение тридцати календарных дней со дня размещения объявления о проведении конкурса.

Перечень документов, прилагаемых к заявлению об участии в конкурсе:

1. Заявление об участии в

Конкурска қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

1) Конкурска қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);

2) Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) Еркін нысанда жазылған өмірбаян;

4) Үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) Жоғарғы білімі туралы құжаттың көшірмесі;

6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурска қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Үміткер конкурстық өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Ішкі және сыртқы конверттер:

1) шақыруда немесе мерзімдік басылымдағы ақпаратқа көрсетілген мекенжай бойынша тиісті саладағы уәкілетті органға (жергілікті атқарушы органға) бағытталуы;

2) мемлекеттік кәсіпорынның байқау кенесі мүшелерінің конкурсы және «...» дейін ашуға болмайды» (шақыруда немесе мерзімдік басылымда көрсетілген конвертті ашу күні мен уақыты) деген сөздерді қамтуы тиіс.

Қажетті құжаттар Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27-үй, 207 бөлме мекенжайы бойынша Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына тапсырылуы тиіс.

Анықтама үшін байланыс телефоны: 8 (7242) 40-04-51 (3030, 3037).

конкурс (в произвольной форме);

2. Резюме на государственном и русском языках;

3. Автобиография (в произвольной форме);

4. Копия документа, удостоверяющего личность кандидата;

5. Копия документа о высшем образовании;

6. Копия документа, подтверждающая трудовую деятельность работника согласно статье 35 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года;

7. Документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданных территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендациях от руководства предыдущего места работы).

